

**БЕКІТЕМІН**

«Қарағанды облысында білім  
беруді дамытудың оқу-  
әдістемелік орталығы» КМҚК

директорының м.а.

 Б.Х. Абдикерова

«14» 09 2020 жыл



**«ІТ-сарапшы»  
облыстық жобасы**

Қарағанды 2020

## ЖОБА ПАСПОРТЫ

Жобаның атауы	«IT-сарапшы» жобасы
Жобаның бастамашысы	«Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК
Жобаны әзірлеу және іске асыру туралы шешім қабылдау күні және негізі	2020 жылдың қыркүйек айы
Жоба жетекшісі	«Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК директорының м.а. – Бакиткул Химальдиновна Абдикерова
Жобаны әзірлеушілер	Есбол Рымбекович Аринов, «Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК директорының орынбасары, Айым Рымбекқызы Серікбаева, «Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК бөлім меңгерушісі, Айдос Куатович Мергенбаев, «Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК әдіскері.
Мақсатты топ	Қарағанды облысының білім беру ұйымдарының IT-мамандары, инженерлері мен зертханашылары
Жоба үйлестірушісі	Айым Рымбекқызы Серікбаева, «Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК бөлім меңгерушісі
Жобаның құрылымы	<ul style="list-style-type: none"> <li>▪ Өнім сипаты бойынша: білім беру</li> <li>▪ Мазмұны бойынша: ақпараттық</li> <li>▪ Ұзақтығы бойынша: орта мерзімді</li> <li>▪ Қатысушылар саны бойынша: топтық</li> <li>▪ Білім саласы бойынша: моножоба</li> <li>▪ Түрі бойынша: техникалық</li> <li>▪ Байланыс деңгейі бойынша: облыстық</li> <li>▪ Орындаушылардың жас құрамы: әр түрлі жастағы</li> <li>▪ Орындау базасы: IT-мамандар, инженерлер мен информатика саласындағы зертханашылар.</li> </ul>
Жоба гипотезасы	IT-бағыттардағы жұмыс нысандарын, әдістерін ұйымдастыру IT-мамандар, инженерлер мен информатика саласындағы зертханашылардың кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыруға, цифрлық саладағы қажетті ақпаратты іріктеу мен талдауды

	жүзеге асыруға мүмкіндік береді.
Жобаның мақсаты	IT-мамандар, инженерлер мен информатика саласындағы зертханашылардың теориялық білім деңгейін арттыру және практикалық дағдыларын жетілдіру.
Жобаның негізгі міндеттері	<ul style="list-style-type: none"> <li>▪ IT-мамандар, инженерлер мен информатика саласындағы зертханашылардың теориялық және практикалық білімдерін дамыту.</li> <li>▪ Жобалау және жұмыс техникалық құжаттамасын әзірлеу және рәсімдеу;</li> <li>▪ IT-мамандар, инженерлер мен информатика саласындағы зертханашылардың жұмыстарында заманауи құралдарды қолдануы;</li> <li>▪ «IT-сарапшы» жобасының мониторингін әзірлеу және іске асыру.</li> </ul>
Жобаны іске асырудан күтілетін нәтижелер	<ul style="list-style-type: none"> <li>▪ IT-мамандар, инженерлер мен информатика саласындағы зертханашыларының құзыреттілік деңгейін арттыру;</li> <li>▪ «IT-сарапшы» жобасы аясында облыстық байқау өткізу;</li> <li>▪ Функционалдық бағдарламалар жүйелерін практикалық қолдану;</li> <li>▪ Интернет-контентті реттеу бойынша мәселелерді шешу;</li> <li>▪ Оқушылар мен педагогтердің жобаға белсенді қатысуы.</li> </ul>
Жоспарланған өнімдер	Әдістемелік өнімдер, авторлық бағдарламалар, мақалалар, жүйелік бағдарламалар.
Жобаны іске асыру мерзімі	2020-2021 оқу жылы 2021-2022 оқу жылы 2022-2023 оқу жылы

### Өзектілігі.

Инновациялық қызмет қоғамның барлық салаларын қамтыды. Техниканың жаңа жетістіктерін енгізу, жаңаша ойлау кез-келген белсенді дамып келе жатқан процестің басты белгісі болды. Білім беру процесін дамытудың негізгі бағыттарының бірі ақпараттық қоғамның жаңа жағдайларына бағытталған озық білім беру тұжырымдамасын іске асыру болып табылады.

«Ақпараттық Қазақстан – 2020» мемлекеттік бағдарламасында білім берудің алдына АКТ енгізу есебінен Қазақстанның білім беру және ғылым салаларының бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету міндеті қойылған.

Білім беру жүйесін ақпараттандырудың түпкі мақсаты мамандарды даярлаудың жаңа моделі болып табылады, ол нақты білім алуға ғана емес, сонымен қатар оны өз бетінше толықтыруға, кәсіби міндеттерді қоюға және шешуге, қазіргі қоғамның талаптарына байланысты еңбек функцияларын

өзгертуге, ақпараттық және коммуникациялық технологияларды игеруге, шығармашылық ойлауға бағытталған.

Ақпараттық технологиялар деп – ақпаратты өңдеу мен берудің әртүрлі тәсілдерін, механизмдері мен құрылғыларын атайды. Көптеген оқу орындарында ақпараттық технологиялар әлі де инновациялық болып саналады, яғни оқу процесін айтарлықтай өзгертуге, оңтайландыруға қабілетті жаңа технологиялар болып саналады. Компьютерді күнделікті пайдалану бұрыннан бері нормаға айналғанымен, жетілдірілген бағдарламалардың үнемі пайда болуы білім беру мүмкіндіктерін едәуір кеңейтеді.

IT-мамандардың, инженерлер мен зертханашылардың АКТ құзыреттілігі оның кәсіби құзыреттілігінің құрамдас бөлігі ретінде кәсіби мәселелерді және ақпараттық қызметтің нақты жағдайларында туындайтын міндеттерді шешу қабілетін анықтайды. Егер IT-маман, инженер және зертханашы:

- интернет-ресурстарды пайдалана отырып, оқыту үшін қосымша ақпаратты іздеуді және іріктеуді жүргізсе;
- әр түрлі компьютерлік құралдарды қолдана отырып, білім беру ақпаратын ұсынса;
- компьютерлік тестілерді, оқушылардың білімін рейтингтік бағалау жүйесін әзірлесе;
- оқу мақсатындағы интернет-ресурстардан жеке деректер базасын қалыптастырса;
- жұмыста мультимедиялық әзірлемелерді қолданса ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласында құзіретті болып табылады.

#### **Бағдарламаны іске асырудағы:**

IT-мамандар, инженерлер мен информатика саласындағы зертханашылардың практикалық дағдылары мен іскерліктерінің деңгейін арттыру, сонымен қатар оларды жетілдіруге арналатын:

- семинарлар арқылы IT-мамандар, инженерлер мен зертханашыларды оқытуға;
- іс-шаралар жүйесі (семинарлар, мастер-класстар) арқылы жұмыс тәжірибесін жинақтауға;
- облыстық деңгейде жұмыс тәжірибесін жинақтауға **ерекше рөл беріледі.**

#### **Жоба тиімділігінің критерийлері:**

- жобаны сүйемелдеу бойынша әдістемелік құжаттардың болуы;
- танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік дағдыларды арттыру;
- IT-мамандар, инженерлер мен информатика саласындағы зертханашылардың құзыреттілігі;
- жобаны енгізу бойынша әдістемелік қызмет құру;
- жобаға қатысушылардың жұмыс нәтижелеріне қанағаттануы.

**Нәтижелер бойынша жаңалықтар сипаттамасы:**

- жоба ақпараттық технологиялардың түрлі құралдарын пайдалана отырып, білім алушылардың ақпараттық, танымдық және практикалық қызметін іске асырады;

- бағдарламалық жасақтамамен өз бетінше жұмыс істеу және әртүрлі компьютерлік құралдарды қолдана білу қабілеті.

## Енгізу әдістері

Жобаның міндеттеріне сәйкес сауалнама, курстар, конкурстар, IT-бағытындағы базалар секілді әдістер кешені қолданылады.

### «IT-сарапшы» жобасын енгізу кезеңдері

#### 1 кезең – дайындық жұмыстары

- Қарағанды облысында ББД ОӘО жобаны іске асыру бойынша шығармашылық топ құру.

- Объективті ақпарат алу мақсатында on-line сауалнама әзірлеу.

- Оқыту семинарлары мен мастер-класстар бағдарламасын әзірлеу.

- Жобаны енгізу мониторингінің индикаторларын әзірлеу. Білім беру ұйымдары бойынша хаттарды құрастыру және жолдау.

- Облыстық байқаудың ережесін, регламентін әзірлеу.

- «IT-сарапшы» жобасын облыстың білім беру ұйымдарында тарату.

#### 2 кезең – негізгі кезең

- «IT-сарапшы» жобасы аясында семинарлар мен шеберлік сыныптар ұйымдастыру.

- IT-мамандар, инженерлер мен информатика саласындағы зертханашыларға арналған облыстық байқау ұйымдастыру және өткізу.

- Жобаны іске асыру кезеңінің нәтижелерін қорытындылау бойынша шығармашылық топтың жұмысы.

### «IT-сарапшы» жобасын іске асыру механизмдері

1) **курстар бағдарламаларының базасы:** IT-мамандар, инженерлер мен информатика саласындағы зертханашыларға арналған «Компьютерлік желілер мен жүйелер», «Windows операциялық жүйелері мен жергілікті желілердің негіздері», «Контентті реттеу», «Бағдарламалау»

2) «IT-сарапшы» жобасы аясында IT-мамандар, инженерлер мен информатика саласындағы зертханашыларға арналған **облыстық байқау.**

3) «IT-сарапшы» жобасы аясында **семинарлар мен мастер-класстар.**

2020-2021 жж. арналған «IT-сарапшы» жобасын іске асыруға арналған іс-шаралар жоспары

Мерзімді ері	Іс-шаралар	Өткізу нысаны	Мақсатты аудитория	Өткізу орны	Жауаптылар	Есеп беру нысаны
қыркүйек	<ul style="list-style-type: none"> <li>Қарағанды облысында БД ОО жобаны іске асыру бойынша шығармашылық топ құру</li> <li>Объективті ақпарат алу және курс тақырыптары бойынша артықшылықтарды анықтау мақсатында on-line сауалнама әзірлеу</li> </ul>	Жұмыс тобы, сауалнама	IT-мамандар, инженерлер мен информатика саласындағы зертханашылар	ҚО БД ОО базасында	А.К.Мергенбаев	ақпарат, мониторинг
қазан	<ul style="list-style-type: none"> <li>Келесі тақырыптар бойынша курс бағдарламаларын әзірлеу:                             <ul style="list-style-type: none"> <li>«Компьютерлік желілер мен жүйелер»;</li> <li>«Windows операциялық жүйелері мен жергілікті желілердің негіздері»;</li> <li>«Контентті реттеу»;</li> <li>«Бағдарламалау».</li> </ul> </li> <li>Курстар бойынша өтінімдерді жинау.</li> <li>Жобаны білім беру ұйымдарына енгізу бойынша мониторинг</li> </ul>		IT-мамандар, инженерлер мен информатика саласындағы зертханашылар		А.К.Мергенбаев	Мониторинг
қараша-желтоқсан	Курстарды өткізуді ұйымдастыру		IT-мамандар, инженерлер мен информатика саласындағы зертханашылар	ҚО БД ОО базасында	А.К.Мергенбаев	Мониторинг
қаңтар	Курстарды аяқтау бойынша мониторинг				А.К.Мергенбаев	Ақпарат
ақпан-наурыз	<ul style="list-style-type: none"> <li>«IT-сарапшы» жобасы аясында облыстық байқаудың ережесін, регламентін әзірлеу.</li> <li>«IT-сарапшы» жобасы аясында облыстық байқау өткізу бойынша жоспар құру.</li> <li>Байқаудың төрешілер құрамын анықтау.</li> </ul>				А.К.Мергенбаев	Ереже, регламент, жоспар, ақпарат
сәуір-мамыр	«IT-сарапшы» жобасының облыстық байқауын ұйымдастыру және өткізу.	Облыстық байқау	IT-мамандар, инженерлер мен информатика саласындағы зертханашылар	ҚО БД ОО базасында	А.К.Мергенбаев	Грамоталар, ақпарат, БАҚ-та жариялау

«IT-сарапшы» жобасын іске асыру моделі

